

## 2021-2022 оқу жылындағы оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысының талдауы

Атауы: Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ақтоғай ауданы білім беру бөлімінің "Қ. Ыдырысов атындағы жалпы орта білім беру мектебі" КММ

Мектептің заңды және нақты мекенжайы: 140202 Әуелбек ауылы, Мир көшесі 5- үй тел.: 871841267.

Ашылған жылы: 1977 жыл

E-mail: sshimkidrisova@mail.ru

Мектептің жалпы аумағы 3500,1 га, оқу аумағы 1530 кв.м.

Білім беру тілі: мемлекеттік және орыс тілі

2021-2022 оқу жылында мектептің педагогикалық ұжымы - әдістемелік және материалдық-техникалық әлеуетін барынша іске асыруды қамтамасыз ету шартымен білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін, мектеп дәстүрлерін, социумның білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру процесін құру мәселелерін шешуге бағытталған міндеттерді жүзеге асыру бойынша жұмыс істеді.

Жалпы 2021-2022 оқу жылына ұжымның қызметін бағалай отырып, мектеп қызметтің негізгі параметрлерін жақсартты.

Әрбір баланың ақыл-ой, адамгершілік, эмоциялық, психикалық және физикалық дамуы үшін барынша қолайлы жағдайлар арқылы тең бастапқы жағдайларды, білім беру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін іске асыруға мүмкіндік беретін белгілі бір бастамалар жалғастырылды.

Қ.Ыдырысов атындағы орта мектепте оқу жылының басында 87 оқушымен бастап, оқу жылының соңында 87 оқушы аяқтады. 1-4 сыныптар – 27 оқушы, 5-9 сыныптар – 60 оқушы, 10- сыныпты 1 оқушы бітірді.

Мектеп екі ауысымда жұмыс істейді. Оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады. Жыл қорытындысы бойынша 21 үздік, 36 оқушы оқу жылын 4 және 5-ке аяқтады. Сапалы көрсеткіш 66 % құрады. 2021-2022 оқу жылында базалық деңгейде жалпы бастауыш, жалпы негізгі, жалпы орта (толық) білім беру бағдарламалары толық көлемде жүзеге асырылды.

Педагогтердің сапалық құрамы: барлығы–педқызметкерлер-27,

- жоғары білімді –25 (93%)
- арнаулы орта білімді-2 (7%)
- педагог-зерттеуші-7 (26 %)
- педагог- сарапшы -1 (4 %)
- педагог-модератор -9 (33 %)
- жоғары санатты -2, (7% )
- бірінші санатты – 9 (15% )
- екінші санатты –1 (4 %)
- санаты жоқ – 3 (11%)

Мектеп құжаттарын тексеру жүзеге асырылды: күнделік.kz журналдары, оқушылардың жеке іс-қағаздары, дәптерлері. Бұл тексерулер бастауыш мектеп мұғалімдері әрдайым құжаттарды мұқият және уақытылы толтыратынын, күн сайын оқушылардың дәптерлерін сапалы тексеретінін көрсетті. Тексеру қорытындысы ӘБ отырыстарында, мұғалімдермен жеке әңгімелесуде, анықтама түрінде ресімделді.

**Әдістемелік бірлестіктердің жұмысына талдау.**

Әдістемелік бірлестік жетекшілері ӘБ отырысын өткізді және мұғалімдер мен оқушылардың әдістемелік көмекке қажеттілігін анықтап, критериалды бағалау, тәлімгерлік мәселелерін анықтады.

Рефлексивті есеп нәтижелері бойынша әрбір мұғалімнің, соның ішінде жалпы ӘБ жұмысының мониторингі жасалды.

Формативті және жиынтық бағалаумен байланысты үдерістер мен рәсімдерді бағалау және іске асыру жүйесінің сапасын бақылауға ерекше назар аударылды. Ол үшін коучинг, тренинг, менторлық (тәлімгерлік) ұйымдастыру арқылы бағалау рәсімін өткізуде мұғалімдердің әдістемелік қолдауы жүзеге асырылды. Сабақта формативті бағалауды қолдану практикасының тиімділігін жүйелі талдауды қамтамасыз ету үшін ӘБ жетекшісі сабақтарға қатысу жоспарын жасады. Мұғалімдер тәжірибеде қолданған қалыптастырушы бағалау бойынша материалдар қорын жинақтады.

Әр тоқсан және бөлімдер үшін жиынтық бағалау бойынша жоспар жасалды. Бастауыш сыныптарда жұмыс істейтін пән мұғалімдерімен түсіндірме жұмыстары өткізілді. Тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізгеннен кейін, нормативтік және әдістемелік құжаттарда белгіленген тәртіпке сәйкес білім алушылардың жұмыстары тексеріліп, модерация хаттамалары уақытында толтырылды.

### **2021-2022 оқу жылының бастауыш сынып ӘБ жылдық есебі**

2021-2022 оқу жылы 1-қыркүйек «Тәуелсіздік жетістіктері» атты білім күнімен басталды. Аталған мереке аясында Жалпы республикалық жетістіктер бойынша сабағы өткізіледі. Мектепте бастауыш Мектепке дейінгі даярлық тобы 8 оқушы. 1 сынып 5 оқушы. 2 сынып 2 оқушы. 3 сынып 5 оқушы. 4 сынып 9 оқушы. Орыс сыныптарында 6 оқушы. Жалпы оқу жылын 35 оқушы бастады. Ұлы: 17, қыз 18. Барлық оқушыны мектеп кітапханашы сынып жетекшілері кітаппен қамтамас етілді. Кітап әлеуметтік жағдайы төмен оқушыларға бірінші берілді толық қамтылды.

Бастауыш сынып мұғалімдері: Жоғары білімді – 4 мұғалім, Асыллова Алия Муратовна - I санат, Мақаналиева Қызгалдақ Туяқовна – «педагог-зерттеуші», Динар Айтуғановна - I санат, Сабитова Майра Каримовна – I санат. Ельчинбекова Жаннар Амангельдиевна - 2 санат. Кенжебаева Айнаш Рыскельдиновна санатсыз, жас маман. Аубакирова Ризагүл Батырбайқызы санатсыз, жас маман. Симакина Нина Сергеевна санатсыз, жас маман 04.11.2021 жылы жұмысқа келді.

28- тамызда бірлестік отырысы болып 2021-2022 оқу жылына жоспар жасалынды.

Қатысқаны – бмұғалім

1. Асыллова Алия Муратовна
2. Кенжебаева Айнаш Рысгельдиевна
3. Сабитова Майра Каримовна
4. Мақаналиева Қызгалдақ Туяқовна
5. Касенова Динара Айтуғановна
6. Ельчинбекова Жаннар Амангельдиевна
7. Аубакирова Ризагүл Батырбайқызы

Күн тәртібінде:

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру нәтижелеріне қойылатын жаңа талаптар»

1. 2020-2021 оқу жылындағы бастауыш бірлестігінің істелген жұмысының есебі
2. 2021-2022 оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқау хатымен, нормативтік құжаттармен және оқу бағдарламасымен танысу.

Бірлестіктің жылдық жоспарымен таныстыру.

3. Ұйымдастыру жұмыстары:

- 1) оқушылардың жеке іс - құжаттарын тіркеу, реттеу.
- 2) күнтізбелік-тақырыптық және факультатив жоспарларын тексеру, бекіту.
- 3) сынып оқушыларын қауіпсіздік ережесімен таныстыру.
- 4) сабақ кестесін бекіту.

Отырыста қаралған мәселелерді әр сынып жетекшісі дер кезінде өз сыныбында орындап отырды. Құжаттардың бәрі уақтысында бекітілді. 22- қыркүйек тіл мерекесіне орай әр сыныпта тәрбие сағаттары өтілді. Мақсаты: Тілге деген құрмет және өз тіліне деген сүйіспеншіліктерін аттыру болды. Қадір Мырзалы ағамыз айтқандай. Ана тілің арың, ұятың екендігін ұғындыру. Қазан айының бірінші сенбісі «Ұлағатты ұстаздар» мекекесі мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен құттықтау, ізгі тілектер жазылған ашық хаттар жазылып өтілді. Оқушыларды біліммен сусындатып отырған ұсазына деген құрметтері арта түсті. Қазан айында өтілген «Алтын күз» мерекесіне қатысқан бастауыш сынып оқушылары өздерінің өнерін, білімдерін көрсетті.

I тоқсан бітуіне орай 28-қазанда Әдістемелік бірлестік 2-ші отырысы өткізілді.

Қатысқаны – 7 мұғалім

1. I-ші тоқсан қорытындысы.
2. 1-сынып оқушыларының бейімделуі
3. Ағымдағы мәселелер

Өткен хаттамада қаралған мәселелердің шешімі бойынша нәтиже төмендегідей орындалды:

1. ӘБ жоспарына сай өткізілген жұмыстарды мұғалімдер уақытымен орындады.

Ельчинбекова Ж.А - 1 «а» сынып жетекшісі:

Касенова Д.А. - 1 «б» сынып жетекшісі:

1 сынып оқушылары жаңартылған бағдарламасы бойынша білім алуда. Оқушылар күнделікті үш тілде жаңа сөздермен танысып, үйреніп отырады. 1-ші жарты жылдықта бағаланбайды, тек формативті бағалау. Ал 2-ші жартыжылдықта критериалды бағалау. Барлық пәндер бойынша портфолио бар, сабақ сайын жасаған жұмыстарын салып, бағалап отырамыз. Ата-налармен жиі жиналыстар өткізіп, балаларының жетістіктерін айтып, жеткіземіз. Сабақта көбіне топпен жұмыс жасаймыз. Бағдарлама қиын болғандықтан кейбір оқушылар түсінбейді, бірақ жеке жұмыс жасап жеткізіп отырамыз. Әлі де көп жұмыстану керек.

**Қаулы етті:** оқушылардың оқу жүйесін үнемі қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін.

**Ұсыныс:** ата-наларымен тығыз байланыста болу.

2-4 сынып оқушыларының оқу шапшаңдығын тексеру қорытындысы және сабақ жүктемелрі мұғалімдер туралы хабарлама. ӘБ жетекшісі: Ельчинбекова Ж.А

**Сөйлегендер:** Сабитова Майра Каримовна

оқушылардың оқу жүйесін үнемі қадағалап, төмен деңгей көрсеткен оқушылармен жұмыс жасайтын боламыз.

**Қаулы етті:** оқушылардың оқу жүйесін үнемі қадағалау сынып жетекшілеріне жүктелсін. Білім сапасын көтеру бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Тоқсан басында өткізілген ата-аналар жиналысында 1-ші мәселе болып «Критериалды бағалау туралы ата-ананы ақпараттандыру» қаралды. Әр мұғалім өз сыныбында критериалды бағалау туралы кеңінен әңгімелер жүргізді. Қазақстанның білім беру жүйесіне жүргізілген ЭЫДҰ шолуының негізінде оқушылар үшін бағалауды барынша әділ және анағұрлым мәнді ету мақсатында барлық бастауыш және орта мектептерде критериалды бағалау моделін енгізу ұсынылды. мектепте білім алуы олардың жан-жақты дамуына бағытталған. Оқушының қаншалықты дамығаны, қандай қиындықтарға тап болғаны туралы ақпарат алу ата-анаға аса маңызды. Осыған орай оқушының дамуына

,оқуға қызығушылығының артуына бағытталған критериалды бағалау жүйесі енгізілуде.Бұл үшін әр оқушы мен оның ата-анасына түсінікті тілде ,айқын,нақты бағалау критерийлері бекітіледі. Нақты критерийлердің көмегімен ата –ана баласының: -білім алудың қай сатысында екендігі; -неге талпынатыны; -көмектесу үшін не істеу қажет екендігін біле алады.

Желтоқсан айы Тұңғыш президент күні мерекесімен басталды Әр сынып жетекшілері өз сыныбында, сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: Елбасына деген құрмет,қадірлеу,сый көрсету болды. Оқушылар елбасына арнап тақпақтар мен әндер айтты. 16- шы желтоқсан « Тіуелсіз елім» атты тәрбие сағаттар өтілді. Жаңа жыл мерекелік ертеңгілік 26- шы желтоқсан күні өтілді. Сынып жетекшілер,ертегі кейіпкерлер рөлін сомдап ертеңгілік өз дәрежесінде қызықты өтті. Павлодар қаласынан шақырылған аниматорлар ата-аналар мен балаларды мерекелік қуанышқа кенелтті.Ертеңгілікке риза болған ата-аналар ризалығын білдірді. Жаңа жылдық киімдер киген балаларға ауыл шаруа қожалығын басқарып отырған ағалар сыйлықтар берді.

**Жылдық қорытындысы бойынша мұғалімдері мен сынып оқушылары жеткен жетістіктері:**

**2 а сынып. Кенжебаева Айнаш**

**Оқушылардың жеткен жетістігі:**

Нұрмахамбет Айбике- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы, II дәрежелі диплом

Мухамеджан Байдібек- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы, II дәрежелі диплом

Сыныптың сапасы: 100%

**3 а сынып. Маканалиева К.Т.**

**Оқушылардың жеткен жетістігі:**

Қабылқаят Аяжан 1-7 сынып оқушылары арасында республикалық зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобалар конкурсының облыстық кезеңінің жүлдегері, II дәрежелі диплом. Қабылқаят Аяжан – аудандық «Зерде» сайысында 3-орын иеленді.

Қазбек Ясмина- «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы, II дәрежелі диплом

Канашева Амина - «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы, II дәрежелі диплом

Сыныптың сапасы: 100%

**4 а сынып. Асылова А.М.**

**Оқушылардың жеткен жетістігі: «Ақбота» зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары:**

- Серікбай Елхан 2021ж. II дәрежелі диплом.
- Жанбаршинова Балнур 2021ж. II дәрежелі диплом.
- Егинбаев Альмир 2021ж. II дәрежелі диплом.
- Омар Бағұстар 2021ж. III дәрежелі диплом.

**I Республикалық «AIQYN» олимпиадасының жүлдегерлері:**

- Егинбаев Альмир 2021ж. II дәрежелі диплом.
- Серікбай Елхан 2021ж. III дәрежелі диплом.
- Сункарбекова Зарина III дәрежелі диплом.
- Касенова Адема III дәрежелі диплом.
- Мухамеджан Ақсұлу III дәрежелі диплом.

**«Ustaz tilegi»** ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған

**Халықаралық Ағылшын тілі пәнінен** оқушылар арасындағы онлайн олимпиадасының жеңімпазы.

Серікбай Елхан 2021ж. I-дәрежелі диплом

**«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі»** аудандық сурет байқауына белсене қатысты.

Касенова Адема 2021ж. III-орын иегері.

### **2021-2022 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер әдістемелік бірлестігінің атқарылған жұмыстарының жылдық есебі**

Биылғы 2021-2022 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық пәндер бағытындағы әдістемелік бірлестігінде 9 мұғалім еңбек етеді. Оның ішінде педагог-модератор санатында 4 мұғалім (Бушумбаева Д.М., Касымова Ж.М, Аманкулова М.Н., Кожегельдина З.Ж.), педагог-зерттеуші санатында 1 мұғалім (Тусупова М.Т), педагог-зерттеуші санатында 3 мұғалім (Жакбаева Р.К., Сипанова Б.С., Кенжебаева З.К.). Биылғы оқу жылында ӘБ-ге жас маман Касымова Жанерке Муратовна қосылды. Оның тәлімгері ретінде Сипанова Б.С. тағайындалды.

2021-2022 оқу жылында гуманитарлық пәндер бірлестігінің 5 отырысы өтті. Отырыстарда мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде, мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты, әр тоқсан қорытындылары, тжб және бжб тапсырмалары, талдауы бойынша түрлі сұрақтар талқыланды. ӘБ 1-отырысында «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» ҚР-ның заңын іске асыр жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Осы жоспар аясында қыркүйек бойы мектебімізде «Тіл – тәуелсіздіктің басты нышаны» атты тәрбие сағаттары, «Бір ел – бір кітап» атты мәнерлеп оқу сағаттары, Мұқағали және Мағжан оқулары, жалпықазақстандық диктант, «Тиімді тілдік орта» ойын алаңы, «Тұлпар мініп, ту алған» байқауы, «Тіл – достықтың құралы» қорытынды фестиваль өткізілді. ӘБ 2-отырысында оқушылар арасындағы мектепшілік пән олимпиадасының тапсырмалары қарастырылып, бекітілді. Қарашаның 11-15 аралығында мектепшілік пән олимпиадасы өтіп, аудандық олимпиадаға қатысатын оқушылар анықталды. Ақпан айының 07-18 аралығында «Тіл – тұғырым» жобасы аясында жоспарлы түрде онкүндік жүзеге асырылды. Осы онкүндік жоспары құрастырылып, жоспар бойынша «Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» тақырыбында сынып сағаттары, «Қазақ тілімен мақтанамын» тақырыбында бейнероликтер челленджі, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» педагогтер арасында диктант, «Тіл жанашырымын» тақырыбында қазақ тілінің бірыңғай күні, «Тіл болашағы - балабақшада» байқауы, «Тіл – рухани жаңғыру тетігі» пікірсайысы, «Кел, сөйлесейік!» оқушыларға арналған тренингі ұйымдастырылды. Пән бірлестігі мұғалімдері бір жылға бекітілен жұмыс жоспары бойынша аудандандық, халықаралық, облыс көлемінде оқушылар және мұғалімдер арасында өткен түрлі сайыстарға қатысып, жүлделі орындар әкелді.

2021 жылдың 19 қазанында өткен «Ер Едіге» жырын жатқа айтудан «Тұлпар мініп, ту алған» аудандық байқауына 8 сынып оқушылары Даниярова Жансұлу 2-орынды, Канашева Аружан 3-орынды иеленіп, облыстық кезеңінің қатысушысы болды. Оқушыларды бұл сайысқа дайындаған Кенжебаева З.К., Бушумбаева Д.М.

Аудандық «Зерде» сайысында ағылшын тілі бағытында 3 сынып оқушысы Қазбек Ясмينا 3-орын иеленді. Жетекшісі – Аманкулова М.Н.

5- 6 сынып оқушылары арасында пән олимпиадасының мектепшілік кезеңі өткізіліп, аудандық кезеңіне қазақ тілі және әдебиет пәнінен Рашитова Аяулым, тарих пәнінен Қазбек Хадия қатысты.

Аудандық «Әбіш оқулары» сайысында 9 сынып оқушысы Камалиден Әлібек 3-орын иеленді. Аудандық «Абай оқулары» сайысында 9 сынып оқушысы Турсынбаева Қымбат 2 орынды иеленді. Жетекшісі – Кенжебаева З.К.

2022 жылдың мамыр айында өткен аудандық «Үздік оқу-әдістемелік материал» сайысында орыс тілі пәнінің мұғалімі Кожегельдина З.Ж. «Үздік авторлық бағдарлама» бағытында 3-орын иеленді, осы сайыста ағылшын пәнінің мұғалімі Аманкулова М.Н. «Үздік әдістемелік әзірлеме» бағытында 3-орын иеленді.

2021-2022 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық пәндер әдістемелік бірлестігінің жоспарлары жүзеге асырылып, әдістемелік кеңестер беру мен өзара тәжірибе алмасудың арқасында бірлестік мұғалімдері үшін мектепшілік және аудандық, облыстық, халықаралық деңгейдегі іс-шаралар біршама табысты нәтиже берді.

### **2021-2022 оқу жылындағы жаратылыстану-математика әдістемелік бірлестігінің жұмысына есеп беруі**

2021-2022 оқу жылының басында әдістеме бірлестігінің жұмыс жоспары, қажетті құжаттары бекітілді. Өткен оқу жылының мақсаты: «Оқытудың жаңа инновациялық өзгерістерін енгізу арқылы оқушы құзыреттілігін қалыптастыру, білім сапасын арттыру, ой-өрісі дамыған, шығармашыл тұлғаны нәтижеге бағыттап, тәрбиелеу» болды. Жұмысқа төмендегідей нормативтік құжаттар қолданылды:

- А) Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 2013
  - Ә) Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы»
  - Б) Қазақстан Республикасының және Ғылым министірлігі бекіткен бағдарламалар (Астана 2015)
  - В) Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу – тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат. Астана 2022
  - Г) Қазақстан Республикасының тіл туралы Заңы
- Онлайн семинарларға, пәндік конференцияларға қатысты.

**1. Жумагулова Сауле Турсынбаевна:** Дагун.online Республикалық білім беру платформасының ұйымдастыруымен өткізілген "Қашықтықтан білім беру" атты семинарға қатысып, Дагун Teacher және Дагун Tutor жобаларымен танысқандығын растайды. Алматы 18.08.2021.

**Жумагулова Сауле Турсынбаевна:** Аудандық «Зерде» жоба сайысында III дәрежелі Диплом Бектемір Жансая. 6- сынып оқушысы, 2021 «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы -3 оқушы Файзулла А., Турсынбаева Қ., Сункарбекова М.

**2. Муталипов Нарзулла Файзуллаевич:** «Менің Отаныма- менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінде 2 орын, 2022 жыл Файзулла А. "Елбасы Медальі" жобасының қола медаль иегері-1 оқушы (2021) «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы -3 оқушы Файзулла А., Турсынбаева Қ., Сункарбекова М. Жылдық бақылау жұмыстарының көрсеткіштері табысты, қанағаттанарлық, жоғары. Білім сапасын 5 сыныпта математика пәнінен сын қанағаттанарлық деңгейге көтеру мәселесін қойып отырмыз. Жазғы уақытта балалармен қосымша тапсырмалар беріліп жұмыс жасалып жатыр.

#### **Оқушылар жетістігі:**

**Жумагулова Сауле Турсынбаевна:** Аудандық «Зерде» жоба сайысында III дәрежелі Диплом Бектемір Жансая. 7- сынып оқушысы, 2021 «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы -3 оқушы (2020) Файзулла А., Турсынбаева Қ., Сункарбекова М.

**Муталипов Нарзулла Файзуллаевич:** «Менің Отаныма- менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауының аудандық кезеңінде 2 орын, 2022 жыл Файзулла А. "Елбасы Медальі" жобасының қола медаль иегері-1 оқушы (2021) «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы -3 оқушы (2020) Файзулла А., Турсынбаева Қ., Сункарбекова М.

**Айтимова Рысбике Қайыржановна** «Ақ бота» интеллектуалдық марафонының жеңімпазы -3 оқушы (2021) Файзулла А., Турсынбаева Қ., Сункарбекова М.

**Жылдық сапа көрсеткішінің қорытындысы бойынша салыстырмалы есебі.**

Мұғалімнің аты-жөні	Сынып	Пәні	2020-2021 Оқу жылы	2021-2022 Оқу жылы	Динамика
Жумагулова С.Т.	7а	биология	100	62,5	-37,5
	8а		85	100	+15
	9а		75	72	-3
	8Б		-	100	+
	7б		-	100	+
	9б		100	-	
	10б		-	-	-
Эржанов М.З.	7а	Химия	75	62	-13
	8а		64	75	+11
	9а		58	85	-27
	8б		-	100	+
	7б		-	100	+
	9б		100	-	
	10б		-	-	-
Муталипов Н.Ф.	7а	Физика	62	38	-24
	8а		65	62	+3
	9а		66	64	-2
	8б		-	100	
	9б		100	-	
	7б		-	100	
	10б		-	-	-
Сманова К.О.	5а	География	79	80	+1
	6а		67	75	+7
	7а		75	71	-4
	8а		71	76	+5
	9а		75	72	-3
	6б		100	100	
	7б		67	100	+33
	8б		100	100	
	10б		100	100	
Айтимова Р.Қ.	5а	Математика	50	38	-12
	9а		83	79	-4
	9а геометрия		83	79	-4
Каримова А.Ш	6б	Математика	67	100	+33
	9б алгебра		100	100	
	9б геометрия		100	100	
	8б алгебра		-		
	8б геометрия		-		

	10б алгебра				
	10б геометрия				
Сейтенова А.К.	6а	Математика	66,6	68	+2
	7а	Алгебра	62,5	57	-4,2
	8а	Геометрия	64,2	66	+1,8
	7а		62,5	64	+2
	8а		64,5	66	+1,8

Жылдық бақылау жұмыстарының көрсеткіштері табысты, қанағаттанарлық, жоғары. Білім сапасын 5 сыныпта математика пәнінен сын қанағаттанарлық деңгейге көтеру мәселесін қойып отырмыз. Жазғы уақытта балалармен қосымша тапсырмалар беріліп жұмыс жасалып жатыр.

### **«Болашақ» шағын орталығында жүргізілген іс-шаралардың қортынды есебі 2021-2022 оқу жылы**

«Қ. Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы 195 бұйрығына сәйкес бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыру мақсатында жұмыс жасалып жатыр. Қ.Ыдырысов атындағы ЖОМ-ң жанындағы «Болашақ» шағын орталығында барлығы 21 бала бар, олардың 16-сы толық күнге, ал қалған 5 бала жарты күн болуына ұйымдастырылған. Күніне 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген, шағын орталықта әр топқа сабақ жоспары енгізілген. Жас аралығына байланысты 4 топқа бөлінген Кіші топ, Ортаңғы Ересек және Мектепалдыдаярлық тобы. Әр топтың балалар саны әр түрлі болады. Барлық балалар шағын орталыққа жақсы бейімделген. Сапалы тәрбие жұмыс өткізу үшін әртүрлі әдістер қолдандым.

1. Ойын.
2. Үлкендерден үлгі алу.
3. Табиғат объектілері.
4. Заттық әлемі.
5. Ұсақ моторика

Баламен тәрбиешінің қарым-қатынасы. Жыл бойы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды жеңіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша дене шынықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертеңгілік гимнастика өткізілді. Дене шынықтыру сабағы аптасына 3 рет өткізілді. Жүргізілген жұмыс нәтижесінде балалар жүруге және жүгіруге үйренді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиеленушілер қол жууды, әсіресе ас алдында, серуеннен келгенде, өзінің жеке сүлгісімен сүртінуді біледі. Жеке заттармен тарақ, жеке орамал, жеке түбегімен қолдануды үйренді. Үстел үстіндегі мінез-құлықтары да қалыптасқан-балалар тамақты таза жеуге үйренді, көбісі алжапқышты пайдаланбайды. Дастархан басында сөйлемеуді, тамақты дұрыс шайнап жеуді майлықпен қолдануды меңгерді. Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаған ортаның жақын нысандарымен балаларды таныстырдық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен,



үлкендердің еңбегі туралы мағлұмат бердік. нәтижесінде барлық балалар әртүрлі ойыншықтар, жиһаз, киім кешек, ыдыс-аяқ, көкөністер мен жемістер, көліктер атауларын біледі. Ұсақ моторика бойынша балалар түстерді, ұсақ, үлкен кіші пішіндерді жақсы меңгерді. Мысалы рожкилерден әр түрлі моншақтар жасады. Тұзды қамырдан кірпі бейнесін жасап, қызығушылықтары артылды. Ұйымдастырылған оқу сабақтары 5 сала бойынша өтеді «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық» және «Әлеумет» сонымен қатар әр топқа вариативтік бағдарламалар енгізілген (Театралдық іс-әрекет, Ұлттық дүниетаным, Оригами). Барлық сағат саны Кішітопта 9 сағат, Ортаңғы топта 12, Ересек топта 14, Мектепалдыдаярлық тобында 20 сағатпен шектелген. Сонымен қатар әр түрлі мерекелер өткізіледі, мысалы: Қазан айында «Күзгі бал» мерекесі болды, балалар әр түрлі жеміс-көкөніс киімдерін киіп тақпақ өлең айтып, би билеп өнерлерін көрсетті. 16 желтоқсан «Тәуелсіздігімізге 27 жыл » мерекесінде кішкентай бүлдіршіндер Әнұранмен бастап, ойын ойнап, би билеп мерекеміздің сәнін келтірді. Желтоқсанның 28 күніне жаңа жыл мерекесіне арналған «Қош келдің Жаңа жыл!!!» атты ертеңгіліктер, 8 наурыз мейрамына арналған «Анашым» сайыстары өткізілді. 22 наурыз мейрамна қарсы балалармен әртүрлі ойын сауықтар өткізілді. 1- маусым мерекесіне балалармен жазғы лагерьге барып, аниматорлармен бірге ойын ойнап, көңіл күйлерін көтерді. Топта қолайлы эмоциялық психологиялық климатты сақтау. Педагогтер балалар және ата-аналар арасында қолдау серіктестігін сақтау. балаларға жеке көзқарасын дамыту, оқыту әдістерін пайдалану. Тиісті білім беру мен дағдыларын бекіту.

## **2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша білім сапасы мен үлгерімін талдау**

### **Бастауыш сынып оқушыларының үлгерім сапасын талдау.**

I. Балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алатын, оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-аналармен жұмыс істейтін оқу үдерісі мен педагогикалық технологияларды ұйымдастырудың әр түрлі нысандарын пайдаланудың арқасында жыл соңында келесі жағдай қалыптасты:

Оқу жылының соңында бастауыш сынып оқушыларының білім сапасы

Үлгерім 100%. Білім сапасы-78,6%.

2 сынып      3 сынып      4 сынып

85              100              80

Диаграммадан көрсетілгендей бастауыш сыныптардағы білім сапасы 85%-тен жоғары:

### **2-4 сынып оқушыларының білім сапасын салыстырмалы талдау**

Үздіктер - 1 оқушы, Екпінділер - 1 оқушы, Үлгермегендер-0, Себептермен аттестатталмағандар -0

1 "2" - 2 оқушы

<b>Р/с</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Сыныбы</b>
1	Мұхамеджан Бәйдібек	2«А»
2	Нұрмағанбет Айбике	2«А»

Үлгерім-100%, сапа -100%.

Барлық босатылған сабақтар -878, барлығы дәлелді себеппен

### 3 сынып параллелдерінде барлығы - 6 оқушы

Үздіктер - 2 оқушы

Екпінділер - 4 оқушы

Үлгермегендер-0

Себептермен аттестатталмағандар -0

1 "3" - 5 оқушы

Үлгерім-100%, сапа - 90%

### 4 сынып параллелдерінде барлығы - 10 оқушы

Үздіктер - 3 оқушы

Екпінділер - 6 оқушы

Үлгермегендер-0

Себептермен аттестатталмағандар -0

### 4 – сыныптың білім сапасы:

Мұғалімнің аты-жөні	Сынып	Оқушы саны	Тоқсан	Үлгерімі	Сапасы
Асылова А.М.	4 «А»	9	I тоқсан	100	66,6
		9	II тоқсан	100	77,7
		9	III тоқсан	100	66,6
		9	IV тоқсан	100	66,6

Үлгерім-100%, сапа -60%.

4- сыныптағы 1 тоқсанмен салыстырғанда оқу сапасы 11%-ға артты

классы	Уровень успеваемости Оптимальный 80-100%	Уровень качества Очень высокий 80-100%
2 «б»	100 %	100 %
3 «б»	100 %	100 %
4 «б»	100 %	100 %

### 5-10 сыныптарда пәндер бойынша білім сапасын талдау

### 5 сынып параллелдерінде барлығы - 11 оқушы

Үздіктер - 2 оқушы

Екпінділер - 6 оқушы

Үлгермегендер - 0

Себептермен аттестатталмағандар - 0

Үлгерім-100%, сапа - 82

Барлық босатылған сабақтар - 0

### **6 сыныпта барлығы - 13 оқушы**

Үздіктер -5 оқушы

Екпінділер -2 оқушы

Үлгермегендер-0

Себептермен аттестатталмағандар - 0

Үлгерім % -100, сапа % - 78

Барлық босатылған – 0

### **7 сынып параллелдерінде барлығы - 11 оқушы**

Үздіктер -1 оқушы, Екпінділер -4 оқушы, Үлгермегендер-0, Себептермен аттестатталмағандар -0

үлгерім -100%, сапа -69 %.

### **8 сынып параллелдерінде барлығы - 9 оқушы**

Үздіктер-4, Екпінділер – 2, Үлгермегендер-0, Себептермен аттестатталмағандар -0

Үлгерім-100, сапа-58.

### **9-сынып 14 оқушы оқиды,**

Үздіктер-3, Екпінділер-5, Үлгермегендер-0, Себептермен аттестатталмағандар -0

Үлгерім-100, сапа-81.

### **10-сыныпта 1 оқушы оқиды**

Үздіктер-0, Екпінділер – 1, Үлгермегендер-0, Себептермен аттестатталмағандар -0

Үлгерім-100, сапа-100.

**Қорытынды:** 2021-2022 оқу жылындағы мектеп оқушыларының үлгерім қорытындысын талдау, оқушылардың үлгерім деңгейі мен білім сапасының деңгейі рұқсат етілген және оңтайлы деңгейге сәйкес келеді деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Үлгерімді арттыру критериалды-бағдарлы бағалау жүйесіне оқушыларға жеке көзқарасты табысты жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Жеке тәсілді іске асыру екі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

- мотивациясы төмен оқушылармен жұмыс (жеке түзету сабақтары);

- дарынды оқушыларды пәндік олимпиадаларға, интеллектуалды конкурстарға дайындау бойынша жұмыс.

Үлгермеушіліктің алдын алу мақсатында барлық пән мұғалімдеріне жүйеде үлгерімі төмен оқушылармен білімдегі ол қылықты толтыру бойынша жеке жұмыс жүргізу және ойластыру қажет. Барлық пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері, педагог-ұйымдастырушылар тоқсан қорытындысы бойынша бір "төрттігі", бір "үштігі" бар оқушыларға ерекше назар аударсын, осындай жағдайды жою үшін шаралар қолдансын. Сабақты жоспарлау кезінде оқушылармен жеке жұмыс жүйесін ойластыру, білімдерінде,

білімдерінде пайда болған кемшіліктерді дер кезінде анықтау және олқылықтарды уақытылы жоюды ұйымдастыру, сабақта табысқа жету жағдайын жасауға ұмтылады.

Ұсынымдар:

1. Сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушылар оқушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру бойынша жұмысты күшейту, пән мұғалімдерімен тығыз жұмыс істеу.
2. Оқушылардың біліміндегі жетістіктері мен кемшіліктері туралы ата-аналарды уақытылы хабардар ету.
3. Мектеп мұғалімдеріне оқыту сапасын және оқушылардың оқу деңгейін арттыру бойынша жұмысты жандандыру қажет. Оқыту сапасын арттыру мақсатында оқушылардың түрлі қателерін алдын алу бойынша әдістемелік жұмысты сауатты құру, қателерді алдын алу бойынша тұрақты тренинг өткізу, логикалық ойлауды дамытуға ықпал ететін оқыту тәсілдерін практикаға енгізуді жалғастыру, мемлекеттік бағдарламада көзделген курстың негізгі тақырыптарын мақсатты түрде қайталауға ерекше назар аудару.
4. Сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушылар әр тоқсан аяқталғаннан кейін оқушылардың үлгеріміне алдын ала талдау жүргізеді.
5. Мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі мотивациясы төмен оқушылармен жұмысты ерекше бақылауға алсын.

### **2021-2022 оқу жылының қорытындысы бойынша тәрбие жұмыстарын талдау**

2021 – 2022 оқу жылында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, «Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру»

тақырыбында мектептің тәрбие жұмыстары бойынша жылдық жұмыс жоспары құрылды.

**Тәрбие үрдісінің мақсаты:** білім алушылардың бойына ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырған, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылық пен бәсекеге қабілеттілікті көрсете алатын білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуы үшін қолайлы тәлім тәрбие беру.

**Міндеттері:**

- 1) Оқушы- Ата- ана-Мектеп үш одақтың байланысын нығайту
- 2). Құқық бұзушылықтың, зиянды әдеттер мен жол- көлік жарақатының алдын- алу шараларын жүзеге асыру.
- 3) Өз білімін жетілдіру арқылы, тәжірибе алмасу семинарлары арқылы, өзара тәрбиелік іс-шараларға қатысуарқылы, педагогтардың біліктілігін арттыру.
- 4) Педагогтардың белсенділігін арттыру, әдістемелік мәдениетін қалыптастыру және дамыту мақсатында, әдістемелік күн, семинар, тәжірибе презентациясын әдістемелік бірлестіктің отырысында өткізу.
- 5) Жалпы адами және ұлттық құндылықтар мен шындыққа негізделген адамның лайықты өмірі (адалдық, құрмет парасаттылық);

6) Өз өмірінің, қажеттіліктерінің және өзінің «Менін» басқа адамдармен байланыстырудың мәнін ұғыну;

7) Жергілікті қоғамдастықты жақсарту үшін белсенді қызметке тарту;

### **Тәрбие жұмысының басым бағыттары:**

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
2. Рухани-адамгершілік тәрбие.
3. Ұлттық тәрбие.
4. Отбасылық тәрбие.
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

### **«Мәңгілік елдің» 7 құндылығы**

- Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана
- Зайырлы қоғам және жоғары руханият
- Қоғамымыздағы ұлттық бірлік бейбітшілік пен келісім
- Индустрияландыру мен инновацияларға негізделген экономикалық өсу
- Жалпыға бірдей еңбек қоғамы
- Тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы
- Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы

Ағымдағы оқу жылында **«Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие» бағыты бойынша** 1 қыркүйек – Білім күніне арналған 1-11 сынып оқушыларымен «Сыңғырла, күміс қоңырау» мерекесі өтті, «Тәуелсіздіктің жетістігі» бойынша Білім күніне орай сынып сағатыры **«Ата Заңым – ардақтым!»** Конституция күніне арналған челлендж (Онлайн), **«Отбасым – бақыт мекенім»** атты отбасы күніне онкүндік, «Туған жер» бағдарламасы бойынша мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. **«Рухани жаңғыру»** тақырыбында апталық, «Шанырақ» жобасы аясында қыз балаларға арналған ағын оюлы көрпеше туралы, ұл балаларға арналған сандық, ұлттық дөңгелек үстел, қыз балаларға арналған «бауырсақ түрлерін білеміз бе?» , «Қамшыны қалай өреді? «Қамшы сыры» тақырыптарына шеберлік сағаттары ұйымдастырылды. ҚР Тәуелсіздікке 30 жылдық мерекесіне орай **«Тәуелсіздік сыйы»** онкүндігі аясында іс-шара өтті.

**Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша** 1 қазан – қарттар күніне орай **«Қарттарым- асыл қазынам»** мерекесіне арналған сынып сағаттары мен қатар еректілер жасағы тарапынан ауыл ардагерлеріне көмек көрсітілді. Ұстаздар күні мерекесіне орай **«Ұстаз бақыты- шәкіртінде»** мерекесі ұйымдастырылып мектеп ұстаздарына концерттік қойылым өткізілді. **Қазақтың педагог- ағартушысы, ғалым – этнограф Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына** арналған сынып сағаттар, ашық сабақтар, әдеби кештер іс – шаралар өткізілді. **«Рухани адамгершілігі дамыған тұлға – бәсекеге қабілетті тұлға»** тақырыбында апталық аясында **«Қарттарым – асыл қазынам»** акциясы бойынша Асылбекова Б.Г., Жидкова Л.А-ға көмек көрсетілді. «Алғыс – айту парызым» атты Алғыс айту күні мекрежелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Тіл мемлекеттің тұғырлы тірегі, халықтың рухани байлығы, өткені мен болашағының айқын көрінісі. Ана тілінің қадір — қасиетін біле білген халқымыз оны ұлттың рухына, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін – келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – ана тілі мен ата дәстүрі. Біздің осындай халықтық қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі.

Қазақстан халқы тілдер мерекесінің бекітілген жоспары бойынша лицейімізде іс-шаралар ұйымдастырылды. «8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне» орай «Ана өмірдің шуағы», «Арулар-асыл жандар» бейне-құттықтама, 1-4 сыныптарда «Ана – өмірдің қуанышы, тірегі» 5-11 сыныптарда «Ана деген теңдесі жоқ ұлылық» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

**Отбасы тәрбиесі** бағыты бойынша келесі іс –шаралар өтті: «Сіз өз балаңыз жайлы не білесіз?» атты сауалнама жұмысы, «Бала құқығы-адам құқығы» айлық, 20қараша Дүниежүзілік балалар күніне орай «Балалық шақты бірге қорғайық» сынып сағаттары, «Менің болашақ өмірім» -тренинг, «Өмір,қымбатсын сен маған!» сынып сағаты, «Өмірге «ИЯ»деп айт», «Өмір- баға жетпес сый» сынып сағаты өткізіліп балалар арасында суицидтің адын –алу жұмыс жоспары іске асырылды. «Отбасы күніне» орай республикалық акциясы аясында «Отбасы – қоғамның алтын дінгеігі» сыныптардың ата-аналар жиналысы» атты тақырыбында « Отбасым –мақтанышым», « Отбасым – менің шағын Отаным» атты бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды.

**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие** бағыты бойынша келесі іс –шаралар өтті: «Біз тазалықты қолдаймыз» атты әр жұма күні сыныптарда тазалық жұмыстары, . «Табиғат – асыл қазына» тақырыбында суреттер панорамасын өткізді. Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту мақсатында «**Менің анамның мамандығы**», «**Әкемнің кәсібі**» кездесу сынып сағаттары «**Мамандықты дұрыс таңдау – табысты өмірдің кілті**» тақырыбында тренингі, «Тазалық Weekend» апталығы өткізілді.

**Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық** тәрбие мақсатын жүзеге асыру барысында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды : жыл бойы өнер мектебі, Оқушылар сарайы, Білім Басқармасы т.б. өткізетін конкурстарға қатысып жүлделі орындарға ие болдық, оқушылардың қызығушылығы бойынша үйірмелердің жұмысы, өзін-өзі басқару ұйымының мектепшілік клуб топтарының құрылуы. Қыркүйек - қазан айларында «Үш тұғырлы тіл» полиглот сайысы ,«Алтын күз» балы сынып жетекшілер, тәлімгер ,қазақ тілі, орыс тілі,ағылшын тілінің мұғалімдері ұйымдастырды. «Өзін -өзі тану: Махаббат пен қызығушылық» дәстүрлі онкүндік жоспары аясында оқушыларға мерекелік көңіл-күй тудыруды ұйымдастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, азаматтық ұстанымын, жалпы мәдениетін, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында әр түрлі тренингтар,сайыстар,кездесулер өтті. Қазақстан халқы 1 мамыр ынтымақ пен бірлік күні. «Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік» қағидасын ұстанған ел үшін бұл мейрамның орны ерекше.Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі бүгінгі таңда бейбіт өмір мен ынтымаққа тұрмыс кешіп отырған ел тұрғындары үшін ыстық ықылас пен достық ниеттің дәстүрі, асыға күтер мейрамы.

1-мамыр Қазақстан халықтары достығы күнін атап өту. Көп ұлтты Қазақстан халқының татулықпен, бірлікпен өмір сүріп жатқаны жайлы танымдық ойларын дамыту, оқушылардың дыбыстарын қадағалап отыру, оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында лицейде іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. «Қазақстан – достық мекені» тақырыбында лицей кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Орыс тілі және әдебиеті пәні ӘБ мұғалімдері «Қазақстан – достық шаңырағы» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізді. Мақсаты: жас ұрпаққа ынтымақ, достық, бірлік, татулық жайлы түсінік беру. Отанын сүюге, тілін құрметтеуге, ынтымаққа тәрбиелеу.

Оқушылардың бірлік, ынтымақтастық, туралы түсініктерін кеңейту, көп ұлтты халқымыздың тыныштығы мен бірлігін нығайтуға ат салысатын азамат болуға тәрбиелеу, мақсатында 5-11 сыныптарда «Ынтымағы жарасқан көпұлтты Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары өтті.

**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі** бағыты бойынша «Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман» тақырыбында апталық, «Ғылыми техникалық прогресс – игілік пе, әлде жамандық па» тақырыбында дебат, «Қауіпсіз желі» («Безопасный интернет») акциясы, «Кибергигиена», «Кибермәдениет» апталығы өтті. **Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша** «Біздің денсаулығымыз – өз қолымызда» денсаулық фестивалі, «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» орталығы қызметкерлерімен бірлескен лекциялар, кездесулер өткізілді. Атқарылған жұмыстар жақсы нәтиже берді, іс-шаралардың негізінде оқушылардың қабілеттері мен таланттары ашылды. Және де оқушыларымыз әртүрлі шығармашылық бағыттары бойынша облыстық, деңгейде жетістіктерге жетті.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысын қорытындай келесі нәтиже анықталды:

**Мықты жақтары:**

- 1) Мектепте мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық ортаның қалыптасуы
- 2) Негізгі 8 бағыт бойынша жұмыстардың толық қамтылып, ұйымдастырылуы
- 3) Барлық іс –шаралардың мәліметтері әлеуметтік желілерге уақытылы жүктелуі
- 4) Сынып сағаттарының кесте бойынша уақытылы өткізілуі
- 5) Іс-шаралардың материалдық базаларының жинақталуы

**Әлсіз жағы:**

- 1) Патриоттық сезімнің жекелеген оқушының бойында әлсіздігі
- 2) Азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбиедегі оқушыларға тағы да қамтылуы аз болғандығы.
- 3) Оқушылардың өткізілген іс-шараларға толық қамтылмауы.
- 4) Сынып жетекшілердің толығымен ат салыспауы.

**Мүмкіндіктері:**

- 1) Атаулы даталарға оқушылардың көптеп қатысуы.
- 2) Ашық сынып сағаттарын жиі өткізу.
- 3) Ұл балалармен жұмыс жүргізу
- 4) Ата-аналармен тренингтер, оқыту семинарын ұйымдастыру
- 5) Мектептің қоғамдық жұмыстарына белсенді қатысу Қауіптері:
  - 1) Сапасы төмен бұқаралық ақпаратқа және интернет-сайттарға жақын болуы.
  - 2) Отбасы тәрбиесінің төмендеуі.
  - 3) интернет желісінің нашар болуы.

**2021 - 2022 оқу жылының қорытындысы бойынша Қ.Ыдырысов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің психологиялық қызмет есебіне сараптамалық талдау**

Оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға (мұғалім, ата-ана, оқушы) педагогикалық психологиялық қолдау көрсету мақсатында жоспарға сай 5 бағытпен психологиялық сүйемелдеу жұмысы:

- Психологиялық диагностика;
- Алдын алу (профилактикалық) және ақпараттық-ағартушылық бағытта;
- Түзету-дамытушылық;
- Кеңес беру;
- Әдістемелік ұйымдастырушылық және сарапшы-нышан жұмыстары. Мақсат-міндеттерге жету үшін оқушылармен; ата-аналармен және педагогтермен жұмыс; әдістемелік ұйымдастыру, әдістемелік қорындыларды талдау және өңдеу; жеке және топтық жұмыс; есеп құжаттарын толтыру; әдістемелік және тренинг материалдарын жинақтау түзету-дамыту, алдын-алу, ағартушылық жұмыстары қашықтықтан «Зум» платформасында, офлайн түрде, оқушы және ата-аналар

ватсап чаты арқылы, гугл.форм арқылы диагностикалық зерттеу жұмыстары жүргізілді.

***Психодиагностикалық бағытта:***

- **Қыркүйек айында:** психологтың жылдық жоспарын құру, оқушылардың элеуметтік картасы, социометрия әдістемесі, 9-сынып оқушыларының мамандық бағдарын анықтау.
- **Қазан айында:** 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), мектеп оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу (1-5-8), мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (тест, зерттеу жұмысы).
- **Қараша айында:** таным процестерін диагностикалау (2-3), «Тәуекел топты» анықтау.
- **Желтоқсан айында:** оқушылардың темпераментін анықтау, мектеп басшыларын педагогикалық-психологиялық тұрғыда диагностикалау, қызығушылық картасы (6-7).
- **Қаңтар айында:** мектепте буллинг пен кибер буллингтың деңгейін, бар-жоғын анықтау, дарынды балаларды анықтау.
- **Ақпан айында:** оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау, оқушыларға проективті әдістер арқылы зерттеу жүргізу.
- **Наурыз айында:** оқушылардың оқуға қызығушылығын, мотивациясын анықтау, 9-сынып оқушыларының мамандық таңдау бағытын анықтау.
- **Сәуір айында:** 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), 4-сынып оқушыларының пәнге қызығушылығын анықтау.
- **Мамыр айында:** бітіруші сыныптардың көңіл-күйін анықтау.

***Профилактикалық бағытта:***

- **Қыркүйек айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (ата-аналардан рұқсат қолхат алу), «Жас ерекшелік психологиясы» Баяндама. (1-5 сынып мұғалімдерімен түсіндіру жұмысы), ОЖСБ түсіндіру жұмыстары.
- **Қазан айында:** TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық зерттеу (баяндама)
- **Қараша айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы, Мұғалімдерді оқыту, Сынып ұжымы арасындағы жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында оқушылармен тренинг жүргізу(1-5-9), «Зиянды әдеттер зардабы» баяндама.
- **Желтоқсан айында:** Басшылар арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын-алуға байланысты лекция, тренинг жұмыстары, Ұжымда жағымсыз атмосфераның алдын алу мақсатында тренинг.
- **Қаңтар айында:** Діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы сауалнама, ағарту жұмыстары, № 1 Консилиум, Бала тәрбиесі – ортақ міндет (ата-аналар жиналысы).
- **Ақпан айында:** Бала құқығына байланысты мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, клиника психологымен кездесу.
- **Наурыз айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (ата-аналардан рұқсат қолхат алу), «Жас ерекшелік психологиясы» Баяндама. (1-5 сынып мұғалімдерімен түсіндіру жұмысы).
- **Сәуір айында:** мектеп оқушыларының агрессиялық көңіл-күйін алдын-алуға байланысты жұмыстар (7-сынып).
- **Мамыр айында:** ОЖСБ кезіндегі келеңсіздіктердің алдын алуға байланысты лекция өткізу, Ата-ана мен ұжым арасындағы жағымсыз көзқарастың алдын алуға байланысты баяндама, Ата-ана мен ұжым арасындағы жағымсыз көзқарастың алдын алуға байланысты баяндама.



**Қорытынды:** Диагностикалық зерттеу – 11, алдын алу (профилактикалық) және ақпараттық-ағартушылық бағытта – 4, ұсыныстар-кеңес беру (жеке 4, топтық 2), әдістемелік ұйымдастырушылық және сарапшы-нышан 5, сұраныс бойынша 2 психологиялық қызмет көрсетілді.

**2020 – 2021 оқу жылының II жарты жылдық психологиялық сүйемелдеу жұмысына ұсыныстар:**

1. 2020-2021 оқу жылындағы II жарты жылдық жоспары бойынша психологиялық сүйемелдеу жұмысы үрдісін жалғастыру.
2. Қорытынды аттестаттау байқау нәтижесін көтеру, әлеуметтік психологиялық қолайсыздықты алдын алу мақсатында 11 «А», «Ә» сынып бойынша өткізілетін ашық педагогикалық-психологиялық консилиумға қатысу, психологиялық тұрғыдан дайындықты нығайту жұмыстарын жалғастыру (жоспар бойынша)
3. «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасы аясында «Жасөспірімдердің денсаулығы мен өмірлік дағдыларын қалыптастыру және суицидтің алдын алу» бағдарламасын жүзеге асыру іс-шаралары және аутодеструктивті мінез-құлықты алдын алу бойынша жұмыс жоспарын жалғастыру (5-7, 8-11 сынып).
4. Оқушылардың оқу, іс-әрекетке қызығушылығын, бейімділігін (1-4, 5-7 сынып) және кәсіби бағдарын анықтау, мамандықты дұрыс таңдауда психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу (9,11 сынып).
5. Жоспардан тыс сұраныс бойынша жеке және топтық психологиялық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізу.
6. Оқу жылы бойына атқарылған психологиялық сүйемелдеу жұмыстарының сараптамалық қорытынды есебін жазу.

Қызығушылық бағыты	Физика мен математика	Химия мен биология	Радиотехника мен электроника	Механика (техника, программа) мен құрылым	География мен геология	Әдебиет пен өнер	Тарих пен саясат	Педагогика мен медицина	Кәсіпкерлік пен ұйымшаруашылығы	Спорт пен әскери іс
Бейімділік, қызығушылық анық (нақты) емес	21,1	49,5	29,5	32,6	42,1	47,4	48,4	35,8	63,2	44,2
Қызығушылық жоғары	45,3	17,9	41,1	36,8	23,2	18,9	26,3	27,4	10,5	16,8

**Ұсыныстар-кеңес беру (жеке, топтық) бағытта:**

1. 12.01.2021 ж. 5А,Б сынып оқушылар чатына «Ашуыңды жеңе білу жолдары» атты мамандардың кеңесі бейне материал жіберілді.

2. 27.01.2021ж. 7 сынып оқушыларына «Перфекционизм дегенміз не? Оның белгілері қандай? Перфекционист балаға қалай көмектесуге болады?» деген сұрақтарға жауап табуға болатын кеңес бейнеролик оқушылар чатына жіберілді.
3. Оқу, іс-әрекетке бейімділік, қызығушылық бағытын анықтау мақсатында "Қызығушылық карта" онлайн тест қорытындысы бойынша оқушыларға (8 сынып 25.01.2021 ж., 9 сынып 05.02.2021 ж. 10 сынып 09.02.2021 ж.) топтық кеңес берілді.
4. Оқушылардың психологиялық саулығын нығайту мақсатында Білім фондының сайты әзірлеген бейнероликтер 18.02-19.02.2021ж. «Өзін-өзі бағалау» жөнінде 5-7 сынып, 15.02-19.02.2021ж. "Көңіл-күйзелісі деген не және одан қалай құтылуға болады?" кеңес-ұсыныстар 8-11 сынып оқушылар ватсап чатына жіберілді.
5. 26.05.2021 ж. мемлекеттік емтиханға дайындық және тапсыру кезінде оқушылардың психологиялық дайындығын нығайту мақсатында 9 сыныптан «Қызыл» аттестатқа үміткерлермен психологпен кездесу өтті, ұсыныс-кеңестер берілді. Кездесуге 11 оқушы қатысты.
6. 20.05.2021 ж. «Ата-аналарға емтиханға психологиялық дайындық бойынша көмек-кепілдемелер» тақырыбында ұсыныс-кеңестер 9 сынып ата-аналар чатына жіберілді.

2022 жылға дейінгі біліктілікті арттырудың перспективалық жоспарына сәйкес 6 педагог, бұл барлық ұжымның 19% құрайды, біліктілікті арттыру курстарынан өтті. ҚР педагогикалық кадрларының біліктілігін арттырудың жаңартылған оқу бағдарламасы аясында барлық мұғалімдер «Жағартылған білім беру мазмұны жағдайындағы инклюзивтік теория және практика: жай-күйі, проблемалары, перспективасы» біліктілігін арттыру курстарынан өтті.

#### Біліктілікті арттыру курстарын өту туралы мәліметтер

Оқу жылы	Педагогтар құрамы	Өткендері, барлығы	Соның ішінде жаңартылған бағдарлама бойынша	Барлық мұғалімдер ішіндегі %	Жаңартылған бағдарлама бойынша өткендердің %
2020-2021	31	6	6	60%	40%

#### Біліктілікті арттыру курстарын өту туралы мәліметтер

№	Мұғалімнің аты-жөні	Пәні	Өткен орны	Курстың тақырыбы	Сағат көлемі
1.	Касенова Динара Айтугановна	Бастауыш сынып	"Өрлеу" 02.04.2020 ж	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілінде оқытатын мектептердің бастауыш сынып пәндері	80 сағат
2.	Кожегельдина Зарина Жолдасбековна	орыс тілі мен әдебиеті	Педагогикалық шеберлік орталығы 25.06.2021 ж	"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген "Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту (оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар)"	80 сағат

3.	Эржанов Муслим Зайдуллаевич	химия	"Өрлеу" 22.11.2021 ж	Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде "Химия" және "Жаратылыстану" пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру	80сағ.
4.	Сманова Кунсулу Орkenовна	география	Педагогикалық шеберлік орталығы 18.06.2021 ж	"Назарбаев зияткерлік мектептері" ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген "Жаратылыстану және география мұғалімдерінің пәндік құзыреттерін дамыту"	80сағ.
5.	Сипанова Баглан Саттаровна	қазақ тілі	"Өрлеу" БАҰО АҚ 29.04.2022 г	"Қазақ тілі мен әдебиеті" пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту"	80сағ.
6.	Нығыманов Алишер Ленесович	информатика	"Өрлеу" БАҰО АҚ 29.04.2022 г	"Развитие профессиональных компетенций учителя информатики	80сағ.

#### Ұсыныстар.

- Жаңа білім беру технологияларын , соның ішінде «Сабақты зерттеу» әдістерін игеру арқылы педагогикалық шеберлікті көтеру.
- Ұстаздардың кәсіби шеберлігін арттыру бойынша пәндік ӘБ жұмысын белсенді жүргізу негізінде, сабақты дәстүрлі емес жаңашаланған бағдарлама бойынша жұмыс жүргізу.
- Дарынды оқушылармен жұмысты жалғастыру. Қосымша сабақтарда оқушымен біріге отырып, келесі сабақтарға терең жан- жақты дайындалу.
- Ұстаздар дайындықтың басқа да әдіс түрлерін падалана отырып, пәнге деген қызығушылығын, алдағы жауапкершілігін сезіндіру арқылы білім арттыру.
- Келесі оқу жылына ұсынылған жоба тақырыптарын мұқият қарап, жұмыстарын сапалы орындауға тырысу;
- «Зерде » ғылыми жобаға 1-7 сынып оқушыларынан дарынды оқушыларды дайындау жұмысы жалғастырылсын.
- Келесі оқу жылына олимпиада резервін алдын ала іріктеу.
- Жұлделі орындар иеленетіндей етіп жұмыстарды дайындау.
- Аудандық және облыстық сайыстар мен олимпиадаларға қатысушы оқушылардың резервін құру, олармен жұмысты жандандыру;
- жоспарланған жұмыстарды дер кезінде, жүйелі орындау
- Шығармашылық жұмыс жасайтын мұғалімдерді өз тәжірибесімен бөлісуге ұсыныс жасау.

**Басқару және бақылау бойынша әкімшіліктің қызметіне талдау.**

Қазақстандық білім беруді жаңғыртудың негізгі идеяларын жүзеге асыру сайып келгенде білім беру процесінің сапасын арттыруға, оның қол жетімділігін қамтамасыз етуге, оны ұйымдастырудағы, мазмұны мен педагогикалық технологиялардағы бағыттарды нығайтуға бағытталған.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік-экономикалық және басқа да мәселелері оқу-тәрбие процесінің нәтижелеріне сапалы жаңа талаптар қою өзекті болып табылады, білім беру мекемесінің жұмыс істеуін бақылауды ұйымдастыру қажеттілігі өткір сезіледі.

Мектеп жұмысының негізгі бағыттарын, мектептің негізгі объектілерінің қызметін, мектеп қызметкерлерінің жұмысын бақылайтын мектеп әкімшілігінің қызметімен жүзеге асырылады. Оның әр түрлі нысандары мен әдістерін бақылау Мектептің жұмыс істеу жағдайы туралы ақпараттың маңызды көзі болып табылады және қызметкерлер мен мектеп басшылығы арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Мектептің бұл бағыттағы жұмыс тәжірибесі мол.

Мектеп әкімшілігі инспекциялауды тек қарапайым кері байланыс және нормадан ауытқуларды анықтау нысаны ретінде қарастырмайды, бірақ талдау негізінде істің қалай жүруі, қателіктердің алдын алу, оларды түзетуге және кемшіліктерді жоюға қатысу қажет деп санайды. Барлық тексерулер барысында әкімшіліктің назары кемшіліктерді анықтауға ғана емес, сондай-ақ оң тәжірибені талдауға да назар аударады. Олар мектеп басшылығын білім беру мекемелеріндегі істердің жай-күйі туралы объективті нақты деректермен қамтамасыз етеді, мектептің тұрақты жұмыс істеуіне көмектесетін оң үрдістерді анықтайды.

Біз балаларды мақсатты оқыту мен тәрбиелеу үшін барлық қажетті жағдайларды жасауға, әрбір баланың жеке басын қалыптастыруға тырысамыз. Біз өз оқушыларымызды өзін-өзі көрсетуге және өмірлік табысқа жетуге бағыттаймыз. Өзін жасампаз қызметте табатын, жұмыс істеуді және демалуды, отбасы мен өз Отанын сүйе білетін табысты тұлғаны тәрбиелегіміз келеді. Мектептің инновациялық қызметі болашаққа бағыттала отыра құрылады деген сөз.

Педагогикалық ұжыммен жұмысты ұйымдастыра отырып, әкімшілік келесі қағидаттарды басшылыққа алады:

- даму бағдарламасында айтылған мақсаттар мен міндеттерді бірлесіп іске асыру;
- оқушылардың тұлғалық-бағдарлы оқуын, шығармашылық дамуы мен рухани-адамгершілік тәрбиесін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- педагогикалық ұжымның кәсіби біліктілігінің өсуін ынталандыру.

Педагогикалық ұжым жұмысының мазмұнын талдай отырып, ұжымда ОТУ мақсаттары мен міндеттерін тиімді іске асыратын, барлық ұжымның дамуын ынталандыратын, өз кәсібилігін арттыру бойынша жұмыс істейтін, қалалық және мектептік іс-шараларға белсенді қатысады.

Әкімшілік пен педагогикалық ұжымның өзара іс-қимылының негізгі түрі ақпарат алмасу, жеке және топтық консультациялар, әңгімелесу, директор жанындағы кеңестер болып табылады. Ұжым үшін маңызды мәселелер мұғалімдермен бірге шешіледі (мақсаттарды, міндеттерді, қызмет басымдықтарын анықтау, мектептің даму перспективаларын, оның мүмкіндіктері мен тапшылығын талдау). Әкімшілік педагогикалық ұжымды өзін-өзі дамытуға бағыттайды және табысқа жеткендерді көтермелейді, басқалардың өзін-өзі жүзеге асыруына көмектеседі.

Мектепті жоспарлау мектепті дамыту бағдарламасында тұжырымдалған мақсаттар мен міндеттерге және басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте жоспардың

шынайылығы, орындалу мерзімдерінің келісілуі, орындалуын бақылаудың болуы ескеріледі.

Әкімшілік мұғалімдердің білім беру бағдарламаларын іске асыруы, жаңа технологияларды енгізу үшін қолайлы жұмыс жағдайын жасайды. Ол үшін мектепте әдістемелік қызмет құрылды, ол мұғалімдерге жеке жұмыс, проблемалық және шығармашылық топтардың жұмысы, курстық қайта даярлау, педагогтарды аттестаттау, педагогикалық кеңестерді, семинарларды ұйымдастыру, өз білімін жетілдіру үшін жағдай жасау арқылы біліктілікті арттыруға көмек көрсетеді.

Мектептің барлық проблемаларын шешу үшін оқушылардың оқуы мен тәрбиелілігі үлкен маңызға ие.

Сондықтан әкімшілік келесі критерилерге ерекше назар аударады.:

- оқу үрдісінде МЖМБС орындау;
- мектеп жұмыс жоспарының өзектілігі мен тиімділігі;
- талаптарға сәйкес күн тәртібі мен сабақ кестесін жоспарлау;
- мектепшілік бақылауды тиімді таңдау;
- мұғалімнің кәсіби деңгейін болжау және диагностикалау;
- әр оқушы үшін табыс жағдайын жасау.

Жалпы базистік оқу жоспарын талдау кезіндегі негізгі міндеттер-сатылар бойынша оқу ұзақтығы, апталық жүктеме, қызығушылықтары бойынша үйірмелердегі сабақтар, факультативтік сабақтар. Бастауыш мектеп оқушыларының сабақ кестесі қажетті нормаға сәйкес, өйткені Бастауыш оқыту процесінде артық жүктемеден, артық шаршаудан, балалардың аурушандығынан аулақ болу қажет. Бұл оқытудың екінші және үшінші сатысындағы оқушылар үшін де маңызды. Негізгі және орта мектепегі кестені жасау кезіндегі қиындық Қосымша жұмыс істейтіндердің болуына және кабинеттердің жетіспеушілігіне байланысты туындайды.

2021-2022 оқу жылы ішінде әкімшілік бақылау жоспар бойынша жүргізілді.

- фронталдық бақылау (алдын ала мектептің жаңа оқу жылына дайындығы,
- ағымды бақылау -1 жарты жылдықтың қорытындысы, оқушылар қозғалысы,
- қорытынды бақылау - 2 жарты жылдықтың жылдық қорытынды, оқушылар қозғалысы),
- сыныптық-жалпылама бақылау (1, 4, 5, 8, 9 сыныптарда),
- аттестатталатын мұғалімдердің дербес бақылауы
- тақырыптық бақылау (оқушылардың оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі, мектеп құжаттамасының жағдайы, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлау мен бағдарламаларды бақылау, бейіндік және бейіналды оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, оқушылардың сабаққа қатысуы, дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жағдайы, мектептегі тәрбие жұмысының жағдайы, мектептің нормативтік-құқықтық базасының жағдайы, қорытынды аттестаттауды өткізу).

Сабаққа қатысқан кезде мұғалімнің бағалау қызметі, оқушылардың өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту, сабақты өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтау, сабақ арқылы мектептің тәрбие міндеттерін жүзеге асыру, оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту, оқушылармен жеке және сараланған жұмысты ұйымдастыру,

акт, "Күнделік" электрондық журналы мен күнделікті пайдалану, BilimLand сандық ресурстарын пайдалану талданды.

Әкімшілік бақылауды жүзеге асыру барысында келесі әдістер қолданылды: бақылау, құжаттаманы зерттеу, сауалнама жүргізу, білімді тексеру, талдау.

Бақылаудың барлық түрлерінің нәтижелері бойынша аналитикалық анықтамалар жасалды, нәтижелері педагогикалық кеңестерде, әдістемелік кеңестерде, директор жанындағы кеңестерде талқыланды, ұсыныстар берілді.

Жалпы сабақтар әдістемелік түрде дұрыс құрылған, сабақтар әртүрлі, қызықты. Мұғалімдерге берілген ұсыныстар негізінен есепке алынады. Мұғалімдердің ерекше назары сабақтарда жаңа білім беру және ақпараттық технологияларды қолдануға, оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыруға, дұрыс таңдалған ұйымдастыру формалары есебінен әрбір оқушының сабақтың барлық кезеңдерінде қызметке қосылуын қамтамасыз етуге аударылды.

### **Құжаттармен жұмыс атқаруды талдау.**

Жыл бойы мектептің нормативтік-құқықтық базасын, қауіпсіздік техникасы бойынша журналдарды, электрондық журналдарды, оқушылардың жеке істерін, БЖБ және ТЖБ кестелерін тексеру жүзеге асырылды.

Нормативтік-құқықтық базаны тексеру мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру үшін қажетті құжаттардың бар екенін көрсетті, құжаттама негізінен "білім туралы Заңға", типтік ережелерге сәйкес келеді. Тексеру барысында ОТҮ ұйымдастыру бойынша кейбір ережелер жоқ екені анықталды, кейбіреулері түзету қажет..

Қауіпсіздік техникасы бойынша журналдарды тексеру нәтижесінде қауіптілігі жоғары барлық кабинеттерде оқушыларға нұсқау беру журналдары, жадынамалар мен нұсқаулықтар бар екені анықталды. Әр сынып жетекшісінде оқушыларға нұсқау беру журналдары бар, бірақ жазулар әрдайым уақытында енгізілмейді.

Оқушылардың жеке істерін тексеру нәтижесінде әрбір оқушыға жеке іс жүргізілгені, жеке істері ұқыпты жүргізілгені, барлық қажетті құжаттар (өтініш, отбасы құрамы туралы анықтама, туу туралы куәліктің көшірмесі, жеке куәлігінің көшірмесі, аттестаттың көшірмесі және т.б.) бар екендігі анықталды.

Оқушылардың дәптерлерін тексеру оқушылардың барлық пәндер бойынша дәптерлер бар екенін көрсетті, мұғалімдер оқушылардың дәптерлерін тексереді, бірыңғай орфографиялық режим сақталады, бірақ сонымен қатар барлық оқушылар дәптерлерді ұқыпты ұстамайды, үй жұмысын орындайды, үй дәптерлерін ұмытып кетеді.

### **Мектеп кітапханасының жұмысын талдау.**

#### **Қ.Ыдырысов атындағы орта мектебінің кітапханасының жұмысы туралы талдау**

Қазіргі таңда жан-жақты білім мен тәрбие берер мәдени орындардың бірі мектеп кітапханасы. Егемен еліміздің ертеңі болар жас ұрпақтың білімін кеңейтіп, біліктілігін арттыруда мектеп кітапханасының да рухани қазына екені рас. Ол – мектептің жүрегі, ажырамас бір бөлігі іспетті. Мынау келген жаңа заман, компьютер заманы болғанымен, рухани азық іздеген, көзі ашық, көкірегі ояу әр баланың бір қасиетті шаңырағы – кітапхана.

#### **I. Кітапхананың негізгі міндеті:**

-Білімділік

-Ақпараттық

-Мәдениеттік

### **Бағыты:**

- Оқу және тәрбиелік процесстерін барлық формалармен, әдіс-тәсілдермен, кітапханалық ақпараттық-библиографиялық қызметпен қамтамасыз ету.
- Кітапханалық процестері мен жаңа технологияларды автоматтандыру қызметінде оқырмандардың талап-тілектерін қанағаттандыру, ақпараттық-библиографиялық қызметін кеңейту.

### **II. Қызмет мазмұны және ұйымдастырылуы.**

Кітапхана қызметі ережеге сай атқарылады. Келіп түскен оқулықтарға, әдебиеттерге, тіркелген оқырмандарға статистикалық есеп жүргізіліп отырады. Бұл есеп кітапхана қорының қозғалысы мен оқырмандардың құрамын, санын айқындайды, кітап беру және библиографиялық жұмыстың мөлшерін айқындауға мүмкіндік береді.

2021-2022 оқу жылының тамыз айында 1-10-шы орыс және қазақ сыныптарда оқулықтар таратылды. 2021-2022 оқу жылында Қ.Ыдырысов атындағы орта мектебінің оқушылары оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, құралдар және басқа да қосымша әдебиеттерімен, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесімен Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі бекіткен бұйрығы бойынша қамтамасыз етілді. Мектеп кітапханалары арасында кітап алмасу жұмыстары жүргізілді. Жетпейтін оқулықтар Тленшина ОМ, Қараоба ОМ, Муткенов ОМ, Нығманова ОМ мектептерінен алынып, барлық оқушылар оқулықтармен 100% қамтамасыз етілді.

Қыркүйек айында кітапханада "Тіл тағдыры- ел тағдыры" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Осы айдың 2-ші жұлдызында 6-7 сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.С. Сипановамен бірлесіп "Қазақ тілі-ертеңім болашағым" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Ахмет Байтұрсыновтың 150-жылдығына орай 8-10 сыныптар арасында "Ахмет Байтұрсынов-қазақ халқының көсемі" атты әдеби кеш өткізілді және "Ахмет Байтұрсынов-зиялылар көсемі" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Қазанның 29-шы жұлдызында "Даланың дара ұстазы-Ыбырай Алтынсарин" атты әдеби кеш өткізілді және "Ұлт ұстазы-Ыбырай" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Қазанның 30-шы жұлдызында Семей ядролық полигонының жабылғанына 30-жыл толуына орай "Тауқымет жаңғырығы" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Бұл іс-шараға тарих пәнінің мұғалімі Д.А. Касенова өз үлесін қосты. Бұл көрмеде балалар өздеріне қажетті мағлұматтар алды.

Қарашаның 1-5 күндері аралығында балалардың күзгі демалыс кезіне арналған жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар өткізілді.

Желтоқсанның 14-і күні "Тәуелсіздік-тірегіміз" атты ауызша журнал өткізілді.

Қаңтардың 5-7 күндері аралығында балалардың қысқы демалысына арналған жұмыс жоспары аясында іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ақпанның 15-ші жұлдызында аға тәлімгер К.К. Сағындыковамен бірлесіп "Ауғанның от жалыны" атты Ауған соғысының ардагері А.К. Рахимовпен кездесу кеші ұйымдастырылды. Ардагер оқушылармен мол тәжірибесімен және басынан кешкен қызықты оқиғаларымен бөлісті. Оқушылар бар ынта жігерімен тыңдап, бірнеше сұрақтар қойды. Осы айда 5-6 сыныптар арасында "Ғасыр ғұмырлы-ғажап ақын" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Наурыз айының 4-ші жұлдызында 8-9 сыныптар арасында "Әлихан Бөкейханов-Алаштың ардақтысы" атты тәрбие сағаты өткізілді. Бұл іс-шарада тарих пәнінің мұғалімі Д.М. Бушумбаева балаларға тарихи оқиғаларды баяндап, көп мәлімет берді.

Наурыздың 24-31 күндері аралығында балалардың көктемгі демалысына арналған жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар өткізілді.

Сәуірдің 2-9 күндері аралығында "Кітап апталығына" арналған жұмыс жоспары бойынша іс-шаралар өткізілді. Сәуірдің 29-ы күні Қазақстан Республикасының бірлігі күніне арналған 5-8 сыныптар арасында "Ұлттар достығы" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мамырдың 6-шы жұлдызында аға тәлімгер К.К. Сагындыковамен бірлесіп 7-9 сыныптар арасында "Ұрпақтар ұмытпайтын Ұлы жеңіс" атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, тарихи оқиғалармен бөлісіп, аталарының ерлігін айтты.

### Негізгі бақылау көрсеткіштері

Жылдық көрсеткіш	2019-2020 оқу жылы	2020-2021	2021-2022
Кітап қоры	6277	6712	6059
Кітап беру саны	1807	1203	1303
Келу саны	1602	954	1051
Оқырмандар саны	102	91	82

#### Оқулықтармен жұмыс

Мектеп кітапханасының жалпы кітап қоры **6059**.

2021-2022 оқу жылында 1,3,4 сыныптарға оқулықтар келіп түсті, оқулық саны **323**. Қазіргі таңда оқушылар пайдаланып отырған оқулықтар Алматыкітап, Атамұра, Мектеп, Назарбаев зияткерлік мектебі, Келешек 2030, Арман ПВ, Бөбек баспаларының оқулықтарын пайдалануда.

Оқушылардың оқулықпен қамтамасыз етілуі бойынша сараптама.

Биылғы оқу жылындағы 1- сынып оқушыларының саны –6, оқулықпен 100%-ға қамтамасыз етілген;

2 – сынып оқушыларының саны - 2/2, оқулықпен 100%-ға,

3 – сынып оқушыларының саны - 5/1, оқулықпен 100%-ға,

4 – сынып оқушыларының саны - 9/1, оқулықпен 100%-ға қамтамасыз етілген;

5 сынып оқушылар саны 8/3 оқулықпен 100 % қамтамасыз етілген

6 сынып оқушылар саны 13 оқулықпен 100%

7 сынып оқушылар саны 8/3 оқулықпен 100%

8 сынып оқушылар саны 8/1 оқулықпен 100%

9 сынып оқушылар саны 14 оқулықпен 100%

10 сынып оқушылар саны 1 оқулықпен 100% қамтамасыз етілді

Берілген кітап саны: **1305**.



Оқушылардың оқулықтармен және оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету қағидаларына сәйкес білім беру ұйымдары арасында басқа да сыныптардың жетіспейтін оқулықтарымен қала мектептерінің арасында кітап алмасу арқылы толықтырылды. Мектептің оқушылары 100 пайызға оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Келесі 2022-2023 оқу жылына 1 сынып және қалған сыныптар бойынша жетіспейтін оқулықтарға қосымша тапсырыс берілді.

### III. Ақпараттық – библиографиялық жұмыс.

2022 жылға ведомстволық мерзімді басылымдарға жазылу жұмысы ұйымдастырылды. Анықтамалар, энциклопедиялар, сөздіктер бойынша кітапханалық сабақтар өткізілді. Атаулы күндер мен мерейтой иелеріне кітап көрмелері ұйымдастырылды.

#### Атап өтсек:

Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл «Мұқағали ақиық ақын» виртуалды кітап көрмесі
Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл онлайн әңгіме сағаты
Мәлік Ғабдуллиннің туғанына 105 жыл «Батырым Мәлік – беренім» виртуалды кітап көрме
Тұңғыш Президент күніне орай «Ғасырдың тамаша азаматы» виртуалды кітап көрме
Бауыржан Момышұлының туғанына 110 жыл виртуалды кітап көрме
Оқитын мектеп жобасы негізінде «Туған жердің жазушылары» виртуалды кітап көрмесі
Оқитын мектеп жобасы негізінде « Оқитын адам-сауатты адам» дөңгелек үстел
Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын насихаттау мақсатында «Қара өлең құлагері» тәрбие сағаты
Өзін-өзі тану: Махабатпен шығармашылық педагогикасы апталығы жоспары негізінде « Өзін – өзі тану Адамгершілік рухани өсудің 12 сатысы» виртуалды көрме
«Чернобыль жаңғырығы» кітап көрмесі
«Ертегілер еліне саяхат»
«Қазақстан – достық мекені» кітап көрмесі
Ұлы Жеңісті ұмытпайық «Бауыржан Момышұлы – батыр тұлға» виртуалды кітап көрме
Болашаққа бағдар Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Өз өлкеңді таны» тақырыбы бойынша «Ұлы Жібек Жолы» кітабының виртуалды кітап көрмесі
Сайыс «Сөз мәйегі мақал-мәтел»
Рухани жаңғыру мемлекеттік бағдарламасы. «Дала фольклорының антологиясынан шыққан он томдық» кітап көрме
Тұңғыш Президент күніне орай «Ғасырдың тамаша азаматы» виртуалды кітап көрмесі
«Мен елімді сүйемін» патриоттық тәрбиелік іс шара ZOOM платформасында
«Елінің бақытын тербеткен Тәуелсіздік» кітап көрме
«Тарихқа тағызым күні» виртуалды кітап көрме
Отбасылық оқу сағаттары

#### **IV. Көпшілік жұмыс.**

2021-2022 оқу жылында кітапхана жұмыс жоспарына сәйкес көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылды. Кітапхана жаңа заманға сай жұмыстарды да атқарды. Оқырмандардың қызығушылығын арттыру мақсатында қызықты жұмыс түрлерін қолдануға тырысамыз.. ZOOM платформасында Қобыланды батыр «Жекпе-жек» әңгімесі талқыланды, Мерзімді басылымдар беттерінен ұнайтын айдарды оқып, ойларын ортаға салу, ойларын сурет арқылы жеткізді. Басқа да ақын-жазушылардың шығармаларына әдеби тоспаптар, дауыстап оқулар ұйымдастырылды.

Оқушыларды жүйелі оқуға баулу мақсатында буккроссингтер, ашық аспан аясында оқулар, дауыстап оқу, интерактивті оқу, ақпараттық және тақырыптық тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстандық және азаматтық патриотизімді қалыптастыру мақсатында – «Ер – елінің қорғаны», «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» ерлік сағаттары оқырман назарына ұсынылды. «Әскери кітаптардың мұқабасын қайтала» букчеллендж ұйымдастырылды. «Мен елімді сүйемін» тақырыбында 5 сынып арасында тәрбиелік іс-шара өтті. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша ұсынылған балалар әдебиеті талқыланды.

1-сынып оқушыларына экскурсия жүргізіліп, барлық оқушылар кітапханамен таныстырылды. Оқу жылы ішінде оқырмандарға 100% кітапханалық қызмет көрсетілді.

#### **Жалпы қорытындылар.**

1. Кітапхананың барлық жұмысы кітапхананың жұмыс Күнделігінде, мүлік және жиынтық есебі кітаптарында, жыл сайынғы жоспарлар мен есептерде көрсетілген;
2. Пайдаланушыларға қажетті ақпараттық материалдарды ұсыну бойынша мектеп кітапханасы жұмыс көлемін орындайды;
3. Кітапхананың педұжыммен және білім алушылармен өзара байланысы байқалады;
4. Кітапхана қорын көркем әдебиет, оқу әдебиеттер: сөздіктер, энциклопедиялармен толықтыру қажет;
5. Оқырмандар белсенділігін барлық оқушылар арасында пән мұғалімдерімен және ата-аналарымен бірлесе жұмыс жүргізу арқылы жетілдіру;
6. Ақпараттың қолжетімділігі мен сапасына, оқырмандарға қызмет көрсету сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру;
7. Оқушылар мен мұғалімдермен жұмыс барысында көмекке Интернетті кең пайдалану;
8. Қазақстандық ақпараттық кітапхана жүйесі «ҚАКАЖ» бағдарламасымен жұмысты ары қарай жалғастыру.

- **МТБ нығайту жөніндегі талдау**

Биология кабинеті -1, физика кабинеті – 1, мультимедиялық кабинет –1, информатика кабинеті – 1, робототехника кабинеті – 1.

Оқу үрдісінде 11 компьютер, 10 ноутбук, 1 интерактивті тақта, 3 интерактивті панель қолданылады.

2 WIFI нүктесі, Интернетке (Zebra) шығудың 3 нүктесі бар.

Ер балаларға арналған технология кабинеті токарь, қайрау, бұрғылау станогымен жабдықталған.

1 спорт залы, 80 орындық акт залы (музыкалық аппаратурамен, сандық подиуммен, мінбемен жабдықталған) жұмыс істейді. Оқу залы мен медиатекасы бар кітапхана. 50 орындық асхана.

Мектеп аумағында зоокөмірлі жылыжайы, футбол алаңы, баскетбол, волейбол алаңы, жүгіру жолы, турникпен ойын алаңы бар.